



**Автор:** Оразымбетова Салтанат Рыскуловна

**Пән:** Әдебиеттік оқу

**Сынып:** 2-сынып

**Бөлім:** Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті

**Тақырып:** Құлыншағым құлдырап

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	2.2.6.1 - кейіпкердің сыртқы келбетін сипаттау, мінез-құлқы мен іс-әрекетін бағалау; 2.2.9.1 - сұраққа жауапты анықтамалық кітаптардан, жинақтардан, сөздіктерден табу және ақпаратты берілген үлгі кестеге салу;
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар: Тақырыпты болжайды, қажетті ақпаратты тауып оқиды, сұрақтарға жауап береді; Оқушылардың басым бөлігі: Мәтінді оқиды, түсінеді, бағалауға қатысады, топтық, жұптық, жұмыстарға қатысады; Кейбір оқушылар: Мәтіннің негізгі ойын анықтайды;
Тілдік мақсаттар:	
Күтілетін нәтиже:	жылқы-лошадь-horse, құлын-жеребенок-foal Түйінді сөздер мен сөз тіркестері: Тірек сөздердің айтылуын ,есте сақтау дағдысын қалыптастыру; тірек сөздерді сабақ барысында қайталату.
Бағалау критерийлері:	1. Кейіпкердің сыртқы келбетін сипаттайды, мінез-құлқы мен іс-әрекетін бағалайды; 2. Сұраққа жауапты анықтамалық кітаптардан, жинақтардан, сөздіктерден табады және ақпаратты берілген үлгі кестеге жазады
Құндылықтарды дарыту:	Индустрияландыру мен инновацияларға негізделген экономикалық өсу қарым-қатынас қабілетін дамыту. Мәңгілік-ел идея сының жалпыға ортақ еңбек қоғамы қағидасын басшылыққа алып ынтымақтастыққа,бірлікке,сыйластыққа, қоршаған ортаны аялауға,еңбек ету маңыздылығы туралы құндылықтарын дарыту.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Видеоролик, суреттер
Пәнаралық байланыс:	Дүниетану, көркем еңбек
Бастапқы білім:	Қошақаным қойдың

### Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	<b>Топқа бірігу.</b> Әр оқушыға қазақ батырларының арғымақтарының суреттер беріледі. Берілген суреттер бойынша топқа бірігеді Әр топ өз тобының арғымағының иесін атап өтеді (Тайбурыл- Қобыланды, Байшұбар-Алпамыс,Қарақасқа-Қамбар, Керқұла-Кендебай) <b>Ширату жаттығуы.</b> Қошақаны қойдың өлеңі Ұжымдық жұмыс Тыңдалым , айтылым дағдылары жүреді Оқу мақсатын ашу,ойлану салыстыру болжау және өз идеяларын одан әрі жалғастыру алдыңғы білімді бүгінгі білімге ұштастыру мақсатында <b>«Серпілген сауал»</b> әдісі пайдалану. 1.Төрт түлік нелер жатады? 2.Төрт түліктің төлдері қалай аталады? 3. Төрт түліктің қандай өнім пайдасы бар? (ҚБ) бағаланады (Жарайсың ,тамаша, сенің қолыңнан келеді)	Төрт түліктің суреттері 4 топ жабық сұрақтар

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы	<p><b>№1 Тапсырма.</b>  Оқылым, тыңдалым , айтылым дағдылары жүреді (Топтық жұмыс)  <b>Ой ашар:</b> « <b>Жауап- сұрақ» әдісі</b> Жылқы----- - Т.  Ер қанаты не? - Қ.  Құлын кай жануардың төлі? - Қ.  Қымыз кай түліктің сүті? - А.  Сәйгүлік шабысы кай түлікке арналған ?  Дескриптор: - А. Жылқы туралы біледі - В.Сұрақтар құрастыра алады - С.  Жылқы туралы біледі өмірде қолдана алады (ҚБ) бағаланады Олай болатын болса бүгінгі сабағымыз төрт түліктің бірі жылқы және құлыны туралы болмақ деп бүгінгі тақырыпты таныстырамыз <b>№1 Тапсырма</b>  .Оқылым , тыңдалым , айтылым,жазылым дағдылары жүреді (Жеке,ұжымдық, топтық)барлығы мақал-мәтелдерді түсініп оқиды және жылқы атауларынан тізбе жасап оны дәптерге орындайды  Тайбурыл: Тұяқ тайға жеткізер, Тай құнанға жеткізер.  Байшұбар: Құнанатқа жеткізер, Ат мұратқа жеткізер.  Қаракасқа: Тұлпар- ер қанаты .  Керқұла: Ер қанаты -ат.  Дәптермен жұмыс : Жылқыға қатысты тірек сөздер (тұяқ, тай, құнан, ат,тұлпар) (ҚБ) бағаланады<b>«Басбармақ» әдісі</b>  <b>№2Тапсырма.</b>Оқылым , тыңдалым , айтылым, дағдылары жүреді (Жеке, жұптық, топтық)  <b>«Ойлан,жұптас, бөліс» әдісі</b> арқылы топтар атына сәйкес постер қорғау.  Құлынның суреті қою  1-топ:жылқының пайдасы туралы  2-топ:жылқыны сипаттайды  3-топ:жылқыдан қандай тағамдар алынады?  4-топ:жылқы жасын анықтайды  Дескриптор: - А. Мақал-мәтелдерді түсініп оқиды - В.Мақалдардың мағынасын түсінеді - С. Өмірде колдануға мысалдар келтіре алады (ҚБ) бағаланады  <b>«Басбармақ» әдісі</b>  <b>№3 Тапсырма.</b> Оқылым, тыңдалым , айтылым дағдылары жүреді (Ұжымдық жұмыс)  <b>« Мен сені- сен мені тыңда»,</b> әдісі бойынша «Торы құлын»халық шығармасын түсініп мәнерлеп оқу ұсынылады  Дескриптор: - А.Шығарманы мұхият тыңдап,оқиды - В.Шығарманың мазмұнын түсінеді - С.Торы құлының сипаттауын ажырата алады (ҚБ) бағаланады  <b>«Өзара бағалау» әдісі</b>  <b>№4 Тапсырма.</b> Оқылым, тыңдалым , айтылым дағдылары жүреді (Ұжымдық жеке жұмыс)Оқушылырды ABC оқу деңгейіне бөле отырып <b>«Саралау» тәсіліндегі</b> қорытынды, қарқын, диалог,бағалау түрлерін оқушының қажеттілігін қанағаттандыру мақсатында қол жетімді үлестірмелі қағаз беру арқылы жүргізу А деңгейіне <b>«Сәйкестендіру» әдісі</b> сөз тіркесі  Басы жып-жұмыр. Көзі құп -құрғақ. Еріні моншақтай. Жағы садақтай.  Мойны қалқақтай  В деңгейіне <b>« Сипаттау» әдісі</b> сөз тіркесін тап Жалы ----- Саны -----  Құйрығы ----- Денесі ----- Сдеңгейіне <b>« Тұжырым карта» әдісі</b> мәтіндегі сөздерді пайдаланып торы құлынды сипаттап, айтады D деңгейіне жылқының пайдасы туралы сызба толтыру Дескриптор: - А.Сөздерді пайдаланып сәйкестендіреді - В. Берілген сөздердің тіркестерін мәтіннен табады. - С.Мәтіндегі сөзді пайдаланып торы құлынды анықтайды (ҚБ) бағаланады <b>« Екі жұлдыз» әдісі</b></p>	Төрт түліктің суреттері 4 топ жабық сұрақтар құрастырады А-4формат Стикерле А-4 фармат оқулық Оқулық шумақты үлестірме Оқулық үлестірме Кесте А-4 парақ
Сабақтың соңы	Кері байланыс: Не білдім? Не үйрендім? Не үйренгім келеді?	Сөздер суреттер
Рефлексия	Оқушылар «Белсенді оқу әдісі » «Бағалау » әдісі бойынша әр тапсырма сайын тай, құнан, дөнен суреттері арқылы бағаланады.	